

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ  
ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**42-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

2-КІТАП

**ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И  
ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ**

**МАТЕРИАЛЫ  
42-й Международной научно-методической конференции**

КНИГА 2

Алматы «Қазақ университеті» 2012

# ОҚУШЫ-ЖАСТАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Исабаева Б.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті [bayana\\_i@mail.ru](mailto:bayana_i@mail.ru)

Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру жүйесінде қомақты өзгерістер өтуде. ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам өзінің проблемаларын ақпараттық технологиялар арқылы шешуге талпыныс жасауда. Біз ақпараттық қоғамда өмір сүргенімізбен мүмкіндіктерін белсенді түрде қолдана алмаймыз.

Ақпараттық-коммуникациялық және мультимедиялық технологияларды қолдану білім беруді түбірімен өзгертуге мүмкіндігі бар. Оқу процесін ұйымдастыру оқытудың аналитикалық, практикалық және эксперимент<sup>TM</sup> қағидаларын кеңінен қолданғанда инновациялық болып табылады және орбір білім алушыға бағытталуына көмектеседі.

Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану кезінде бірқатар этикалық мәселелер туындайды. Ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарын енгізу өзектілігімен ерекшелінеді. Ал, қазіргі кезде ағылшын тілін меңгеру шет тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптардың бірі болып табылады.

Шет тіліне оқыту - күрделі процесс. Шет тілін оқытуды компьютерлеу тілді үйрену уақытын қысқартуға көмектеседі. Бүгінгі күні мультимедиялық өнімдерді таңдаудың алуан түрлері кездеседі. Солардың бірі - электрондық оқулық.

Білімді ақпараттандыру бағдарламасы электрондық оқулықтарды шығаруға септігін тигізді. Электрондық оқулықта автор тақырыпты визуалды түрде береді. Электрондық оқулықтың ғажабы, мәтінмен, бейнемен, слайдтармен үнемі толықтырып отыруға болады. Оқыту материалдары бірнеше қарау мүмкіндігіне, балалардың жеке ерекшелігіне жауап береді: біреулері бір рет көрсе жеткілікті сол арқылы өмір бойы есінде сақтайды, басқаларына материалды бірнеше көруге қажет, мұның өзі оқушының электрондық оқулық пен жеке жұмыс істеуіне мүмкіндік тудырады [1].

Электрондық оқулықты сабақта пайдаланудан мұғалімге қандай көмек болуы мүмкін деген сұрақ туады. Мұғалім дидактикалық құралдар дайындамайды, үлестірмелі материалдарды ұсынбайды (слайдтар өте жақсы таратушы материал, оны принтер арқылы қағазға түсіруге болады), барлық оқу материалдары көз алдында, кәсіби деңгейде орындалған. Электрондық оқулық интерактивті, оларды дыбыстауға болады, жанды қатынас жасаудың элементтері бар, білім алушы өз жауаптарын ести алады, мәтінді қызыға оқиды, ал тапсырманы орындау мен сұрақтарға жауап беруді оқу үрдістеріне белсенділікпен қатысады.

Барлық электронды оқулықтар қазақстандық білім беру стандартына және мектептің типтік оқу бағдарламасына сай құрастырылған [2]. Олар нақты жеке сабақтарға негізделмеген, тұтас алғанда пәннің мазмұнына, оқушының оқу материалдарын тұтастай көруіне өзара байланыста алынған. Әрбір электрондық оқулық үлкен авторлық ұжымның еңбегімен жасалады, ғылым докторлары мен кандидаттары, профессорлары мен доценттері, пән саласының тәжірибелі мамандары тартылады. Бұған қосымша педагог

технологтар, әдіскерлер, бағдарламашылар мен аниматорлар, дизайнерлер, дыбыс операторлары, дикторлар және эксперттер кіреді.

Электрондық оқулықтың мазмұнын және педагогикалық құрылымын Улттық ақпараттандыру орталығының президенті педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.Н.Нұрғалиева жасады. Электрондық оқулық мазмұны мен құрылымына сай 6 тақырыптан тұрады. Әрбір тақырып «Оқу», «Грамматика», «Лексика» және «Бағалау» модулдерінен тұрады [3], [4].

«Оқу» модулінде оқушының орындайтыны мына шаралар: мәтінді тыңдайды, белгілі бір тапсырманы орындайды және сол тапсырманы орындау арқылы оқушының есте сақтау қабілетін дамытуға арналған логикалық ой-жүйесін қалыптастырады. Оқуға арналған мәтіндер ғылыми танымдық бағытында жасалған. Осы тарауда оқушы қосымша ақпарат ала алады және одан тиісті түйін шығара алады.

«Грамматика» модулінде грамматикалық құрылымдардың теориясы және оларды сөйлесу барысында пайдалану тәсілдері бірнеше жаттығуларда, таблицаларда және кестелерде ұсынылады.

«Лексика» модулінде оқушы жаңа сөздермен танысады.Интерактивті тапсырмаларды орындау барысында оқушы жаңа сөздерді, дыбыстарды дұрыс айту арқылы өзінің қабілетін арттырады және оларды әр түрлі грамматикалық құрылымдарда пайдалануға үйренеді.

«Бағалау» модулінде оқушы лексико-грамматикалық тестті орындау арқылы осы пәнді қандай деңгейде меңгеріп алғанын айқындап алады.

Оқушының үштік бағамен оқуға ынтасы жоқ. Бұған олардың ауырып қалуы және сабақтан бірнеше рет қалуы, жаңа материалды үстірт қарап тыңдап түсіне алмауы, кейбіреулердің бірден материалдарды қабылдай бермеуі оны үштік баға алуына итермелейді. Электрондық оқулық мұндай қарама-қайшылықты бірден жояды, олар оқушының оқу материалымен бірнеше рет танысуына мүмкіндік береді. Қажеттілігіне қарай қанша қаласа, сонша пайдалана алады. Тапсырманы бірнеше рет қайтадан орындайды, сол арқылы ақырында жаңа нәтижеге жетеді.

Мұғалімдердің өзінің жеке оқу іс-әрекеттерін сапалы ұйымдастыруына көмектеседі. Бұл жерде мұғалімнің аталған оқулықтармен жеке танысуы шарт. Осы оқулық арқылы білім алушылардың ынтасын байқайды. Электрондық оқулықтың үзінділерін өзінің сабағында интерактивті тақта арқылы мультимедиялық кабинеттерде пайдалана алады.

Электрондық оқулықтың құрылымы модулдік негізде, яғни, модуль, гипермәтін, шығармашылық тапсырмалар мен тесттер арқылы құрылды. Кез келген құрылымдаудың нысаны сияқты оқулық алдымен модель ретінде, кейіннен тексеру және енгізуден өтіп барып, оқу құралы бола алады.

Оқытудың мотивациялық-мақсаттық компоненттегі алғашқы элемент білім беру жүйесін оқушы-жастардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсаты ретінде анықтау болып табылады. Мақсаттар модуль түрінде болады.

Модуль репродуктивті, локалды, жүйелі, алгоритмдік және атқарушы қызметтік білімдерді бейнелейді. Және де теориялық оқытудың үйлесімділігін сипаттайды. Оларды барлық курстарға нұқсан келтірмей ауыстыруға мүмкіндік туғызады. Әрбір курс оқу бағдарламасында бейнеленген нақты пәндік білім беру аймағы туралы тұтастық көзқарас тудыруы қажет.

Оқыту процесінің прогностикалық функциялары тұлғаның болашаққа қарайласуын қамтамасыз етеді. Жоспарланған іс-әрекеттің біртұтас құндылық эталоны ретінде бағдарын анықтайды.

Тұлғаның автоматтық оқыту процесінің мотивациялық-мақсаттық компоненттің жұмыс істеу ерекшеліктерін талдау мынадай педагогикалық категорияларды - болжау, мақсат, мақсат қою, мұрат, т.б. терең оқып үйренуді; бағыттылық, белсенділік, өзіндік таным сияқты тұлғаның маңызды қасиеттерін оқып-үйренуді болжайды.

Жаңа құралдар мен ақпараттық технологияларды кеңінен тарату орта мектептерде ағылшын тілін оқытуға арналған электрондық оқулықтарды құру қажеттілігіне әкеліп соғады.

Электрондық оқулықтың мақсаты: оқушылардың лексикалық және грамматикалық білім деңгейлерін арттыру; оқу мен жазу ғана емес, сонымен қатар, сөйлеу біліктіліктері мен дағдыларын жақсарту; коммуникативті біліктіліктері мен дағдыларын, шығармашылықпен жұмыс істеу біліктіліктерін, мотивациялық және танымдық белсенділіктерін арттыру.

Электрондық оқулықты құруда оқулықтың мазмұны мен әдістемелік құрылымына, тақырыптарына, міндетті тілдік материалдарды, тиімді тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін тандауға, жұмыс кезеңдерінің сатыларының тізбектілігіне, мәтіндердің көлемі мен оған қойылатын талаптардың сәйкестілігіне баса назар аударылды.

Электрондық оқулық модульдік қағидаларды басшылыққа ала отырып, ауызша сөйлеу іс-әрекетінің барлық түрлерімен (оқу, жазу, дыбыс және сөзді қабылдау) жұмысты қамтиды. Оның құрамында сабақтың әртүрлі тақырыптарын ақпараттармен қамтамасыз ететін гипермәтін; кәсіби диктордың мәтінді оқып тұруы, жаттығуларға берілетін тапсырмалар, тақырыптар бойынша суреттер, иллюстрациялық суреттер, терминдер, сызбалармен (кестелер мен суреттер) берілген тақырыптар бойынша сөздерді қамтитын белсенді сөздік, анимациялар, жазбаша жаттығулар, диктанттар, диалогтар, грамматикалық ережелерді түсіндіру, тақырыптық сөзжұмбақтар мен тесттер кездеседі.

Гипертекст - мәтіндік материалдарды сызықты емес ұсыну тәсілі, белгілі бір мәтіндік сөздер. Осыған орай, мәтіннің беттерін кезекпен парақтап қана қоймайды, қандай да бір сілтемелер бойынша сызықтық түрінен ауытқуы мүмкін, яғни, ақпараттарды беру процесін өзі басқарады. Гипермедиалық жүйеде суреттер қолданылса, ал, ақпарат мәтінді, сызбаларды, бейнеүзінділерді, дыбысты қамтиды.

Электрондық құрал тұрақты оқулыққа қосымша материал ретінде ұсынылады және б тақырыптан тұрады: «Менің сүйікті спорттымның түрі»/ «My Favourite Sports», «Қоршаған орта» /«The world around us», «Көңіл көтеру» /«The pleasure of life», «География» /«Geography», «Білім беру»/ «Education» және «Уақыт»/ «Time».

Әрбір модульде оқу, белсенді сөздік, грамматика, сөйлеу және жазу бойынша кешенді тапсырмаларды қамтитын, құрамына интерактивті тілдік жаттығулар енген микромодульдер ұсынылады. Ағылшын тілін оқыту процесін кез келген модульден бастауға болады, оқушы керек бетті іздестіруде көп уақыт жұмсамайды, ыңғайлы, жұмыс істеуге тиімді. Әрбір модуль тапсырмалармен қарастырылатын экрандық беттерден тұрады.

Тапсырмалардың барлық түрлері тілдік, сөздік және коммуникативтік құзыреттіліктердің кешенді дамуына бағытталған: әңгіме, талқылау, салыстыру, болжау, стістіктер мен артикльдердің дұрыс нұсқаларын таңдау, оқиғалардың тізбектілігін қалпына келтіру және т.б.

«Лексика» атты микромодулде кең ауқымды мотивациялық әлеуеттің көмегімен оқытылады және оқытудың даралық қағидасына сәйкес келеді. Ол оқытуды түрлендіруге, жаттықтырушы тапсырмаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, фонетикалық курсқа кіріспеге, жаңа лексикалық қорға, оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға қатысты айтылады.

«Грамматикада» сұрақтарға жауаптар ұсынылады. Дұрыс жауапты нұсқалардың біреуін таңдау арқылы жүзеге асады. Әрбір жауап беруге талпыныс вербалды бағамен өлшенеді: Дұрыс! /Right! Құттықтау! /Congratulations! Дұрыс айтасың! You are Right! Немесе Қателесесің! /You are Wrong! Қатслесс Қайтадан талпынып көр! /Try again! деген жазу пайда болады. Тек дұрыс жауап бсре алғанда ғана Келесі тапсырма! / Next! деген түймені басу арқылы тапсырманы әрі қарай жалғастыруына болады.

«Оқу» атты микромодулде сөйлеп үйрену мен есту, қабылдауға арналған тапсырмалар беріледі. Бір уақытта сөзді жазу және дыбыстап оқуға көмегін тигізеді. Компьютерлік анимацияларды қолдану тақырып бойынша визуалдау мен иллюстрацияларды қабылдауына септігін тигізеді. Мұның бәрі оқыту процесін қызықты, айшықты және неғұрлым өнімді ете алады. Диктордың оқыған мәтіні білім алушыларға ағылшын тілін дұрыс сөйлеп үйренуге және фонетикалық дағдыларын қалыптастыруға көмегін тигізеді. Осыған орай, диалог және мәтін тыңдалады. Мәтіндік қосымша көмек қосылса, диалогты тыңдап қана қоймайды, сонымен қоса бірігіп дауыстап оқып отырады. Соңынан сұрақтарға жауап бере отырып «магнитофонға» жазып алу және дұрыс жауаппен салыстырылу ұсынылады. Мәселен, микрофонды қолданып, сөйлеген сөзді үзінді ретінде жазып алуға болады, ал, бағдарлама әрбір сөздің дұрыс айтылуын бағалауға көмектеседі. Электрондық оқулықтың ыңғайлығы оқушылардың мәтінді тоқтатып, түймелерді басу арқылы бастапқы мәтінге қайтып келе алады.

Әрбір микромодулдің соңында тақырыптық сөзтізбек беріледі. Мұғалімге ыңғайлы болу үшін әрбір жаттығудың соңында жауаптары кұрылады және жауаптардың дұрыстығы бірден орындалған соң тексеріледі. Компьютер тек қателерді көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар дұрыс жауаптарға көмек береді.

«Білімді тексеру» микромодулінде мәтін ретіндегі тексеру жұмыстары тест түрінде көрсетіледі. Тестті пайыздық қатынаста өз бетімен білімді бағалауға мүмкіндік береді. Қорыта келе айтарымыз, электрондық оқулық әмбебап болып табылады және оны тек жалпы білім беретін оқу мекемелері, колледждер, лицейлер ғана емес, сонымен қатар ағылшын тілін үйренемін деушілердің бәрі қолдана алады. Олар оқыту моделдерінің сатыларынан өтіп, нәтижеге жете алады.

Әдебиеттер:

- 1.Андасова Б.З. Студенттің өздік жұмысында электрондық оқулықты қолдану //Білім берудегі менеджмент. - Алматы, № 1, 2006. - Б. 13-19.
- 2.Абуева А. Электрондық оқулықтар - сабақта //Қазақстан мектебі. - Алматы, № 10, 2006. Б. 33-39.
- 3.Нуржанова М.К., Исабаева Б.К. Ағылшын тілі //Электронды оқулық, 8-сынып. - Алматы: Техникалық кәсіби және ақпараттық бірлестік Орталығы, 2008. - 22,9 МБ.
4. Нуржанова М.К., Исабаева Б.К. Ағылшын тілі //Электронды оқулық, 9 сынып. - Алматы: Техникалық кәсіби және ақпараттық бірлестік Орталығы, 2008. - 26,8 МБ.

\*\*\*

В статье рассматриваются вопросы об использовании электронных учебников на уроке английского языка и их возможности при обучении языка.

The article deals with the problems of using electronic textbooks and its possibilities in learning English language.